



ХҒТАР 17.82.94
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-145-155>

Мағжан Жұмабайұлы поэмаларындағы киелілік мотиві

Ж.Ә. Аймұхамбет¹, М.Н. Миразова^{2*}, Б.А. Рахметова³ 

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті, Арқалық, Қазақстан

(E-mail: ¹a_zhanat@mail.ru, ²m.n.mirazova@mail.ru, ³bazar-65@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада көне танымнан бастау алып, адамзат санасында тұрақтаған кие, тылсым, сакралдылық ұғымдарының көркем туындылардағы көрінісі Мағжан Жұмабайұлы поэмаларының мысалында қарастырылады. Әуелі киелілік ұғымына берілген анықтамалар мен тұжырымдарға шолу жасалып, «кие» ұғымының танымдық негіздері мен көркемдік мәні түсіндіріледі. Сонан соң киелілік мотивінің көркем кеңістіктегі рөлі талданады.

Ұлттық танымда «кие» ұғымы тау, жер, су, үңгір сияқты тұрақты атрибуттары бар мекендер мен табиғат құбылыстарына, жануарлар мен құстарға ғана емес, жекелеген адамдарға да тән тылсым сипат. Мифтік баяндар арқылы фольклор жанрларына, одан көркем жазба әдебиетке ауысқан киелілік мотиві түрлі мақсаттағы эстетикалық-танымдық қызметімен ерекшеленетіні Мағжан Жұмабайұлының «Батыр Баян», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында» поэмалары арқылы дәйектеледі. Бұл аталған поэмаларда сакралды мән белгілі бір тарихи мекендер және аңыздық, тарихи тұлғалар арқылы танытылады. Халық арасында Абылай ханның тылсым қасиеті, аруағы болғанын баяндайтын аңыздар бар. Ханның бетіне келген адамды киесі ұрады деген түсінік те болған. «Батыр Баян» дастанындағы киелілік мотиві «өткен күнге» қарата айтылып, Алаш ордасын тігіп, шаңырағын тіктеген Абылай хан, оған тұрақ болған Бурабай арқылы айқындалады. «Қорқыт» поэмасында Алтай тауы мен Қорқыт ата, «Қойлыбайдың қобызы» поэмасында тылсым күшке ие бақсы Қойлыбай, «Оқжетпестің қиясында» поэмасында Пір-баба арқылы киелілік ұғымы авторлық позицияға сай поэтикалық пішінімен көрінеді. Мақалада киелілік мотивті жоғарыда аталған мысалдар негізінде талданып, тиісті қорытындылар жасалады.

Түйін сөздер: кие, дүниетаным, тылсым, Алтай, Пір-баба.

Түсті: 13.08.2025; Жөнделді: 16.08.2025; Мақұлданды: 18.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Адамзат санасында таңбаланған ерекше ұғымдардың бірегейі – кие, киелілік. Жалпы адамзаттық танымда бұл түсініктің орны ерекше. Өмірлік ұстаным, күнделікті тұрмыс-тіршілік белгілі бір заңдылықтарға бағынып, жүйемен реттелетіні белгілі. Мұндай жүйе әу баста адам баласын қоршаған кеңістіктің тылсым сырына негізделіп қалыптасқаны ақиқат. Құпиясы көп жаратылыс, жыл мезгілдерінің ауысуы, түрлі табиғи құбылыстар адамзат санасында тылсым сипатымен орнығып, өз сырын білуге талпындырды. Күннің күркіреуі, найзағайдың жарқылдауы, дауылдың соғуы, т.б. құбылыстарды тылсым күштің ықпалы деп түсінген көне дәуір адамы оны тануға, түсінуге ұмтылды. Сол тылсым күшті «киелі» деп таныды. Ежелгі мәдениетте көне дәуірден бастау алып, қалыптасқан бұл танымның тарихына үңілсек, өзін қоршаған ортаны тылсым дүние деп білген ата-бабаларымыздың сол күшке табынып, оның ілтипатына ие болып, қаһарына ұшыраудан сақтану мақсатындағы іс-әрекеттерін қалай жүзеге асырғанын көреміз.

«Кие» ұғымы көне дәуірден, яғни мифологиялық ойлаудан бастау алған, кейін діннің өзегіне айналған архаикалық ойлаудың жемісі. «Кие», «киелілік», «мистика», «сакралдылық» ұғымдары тылсым дүние сырын түсінуге ұмтылған адам санасының тұрақты бөлігі. Ғылымда дүниені танудың бір құралы ретінде қарастырылатын «кие» фольклор мен әдебиетте тұрақты мотивтер мен бейнелеулерді туындатқан ұғым.

Энциклопедиялық анықтамалардағы түсінікке жүгінсек:

«Кие – халықтық ұғымдағы жанды, жансыз заттарда болатын ерекше тылсым күш, қасиет. Дәстүрлі наным-сенімде қасиетті адамдарды (пайғамбар, әулие, көріпкел), аң мен құсты (қасқыр, марла, аққу), жер-суды (киелі орындар, кесенелер, өзен-көлдер), ғарыштық денелерді (көк, ай, күн, жұлдыз), адамның кәсібі мен есімдерін киелі деп санап, оларға сыйыну үрдістері болған. Халық дүниетанымында киелі заттарды құрметтеу береке-бірлікті арттырып, құт әкеледі десе, керісінше жағдайда киесі ұрады деп есептеледі. Сондықтан киелі саналатын адамдарға тіл тигізбейді, жан-жануарларға зұлымдық жасамайды, киелі дүниелерге зор құрметпен қарайды» (Бабалықұлы, 2017).

Ал Ш. Уәлиханов ұлттық жадымыздағы кие туралы: «Қазақтар «кие» ұғымына үлкен мән береді. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым-жорасын жасау адам баласына байлық пен бақыт – құт әкеледі деп түсінеді. Жан-жануарлардың киесі бар дейді, ал олардың өзін (жан-жануарларды) киелі деп атайды. Жан-жануарлар мен заттардың киесін қадірлемеу – киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары кесір деп аталады» дейді (Уәлиханов, 1985).

Киелі затқа деген қарым-қатынаста белгілі дәрежеде тыйымдар мен шектеулер, қатаң қағидалар орын алады. Егер бұл аталғандар орындалмаса, адам баласына қауіп төнеді делінеді. Мысалы, халық ұғымындағы түн қараңғысында әйел адамдардың суға бармауы, алда-жалда бара қалатындай жағдай туындаса, онда рұқсат сұрап барып су алуы туралы түсінікті айтуға болады. Киесі бар ерекше адамға қарсы келудің салдары қасіретке жеткізеді деп сенген.

Яғни берекелі тіршілік, молшылық, жайлы, жақсы өмір сүру үшін қоршаған ортамен үйлесім болуы керек. Бұл үйлесімнің реттелуі кие ұғымымен тікелей байланысты, киеге қатысты шарттар бұзылмауы керек. Ұлттық салт-санамыздағы киелі деп қабылданған

зат, құбылыс ерекше құрметтеліп, оларға қатысты рәсім-жоралғылар толығымен орындалуы керек.

Қазақ әдеби тілі сөздігіндегі анықтамада «кие» ұғымы былай түсіндіріледі: «1. Қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің ерекше тылсым күшке ие қасиеті. Ислам діні таралмастан бұрынғы дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасып, кие деп саналған кейбір тотемдік наным-сенімдер жұрнағы қазіргі салт-дәстүрде де кездеседі (табалдырық баспау, түтін түтету, аластату, т.б.). 2. Қазақы наным-сенім бойынша өзен-көл, орман-тау, мал-құстардың қорғаушысы, пірі болады деген түсінік, қорғаушы, желеп-жебеуші» (Күдерінова, 2011).

Кие, киелілік ұғымының сөздіктердегі түсініктемесі осындай. Бір-бірімен тығыз мағыналық байланыстағы «кие», «киелілік», «сакралды» ұғымдары барлық тілдік, философиялық, мәдени, әдеби тұжырымдарда бір-бірімен мәндес сипатта түсіндіріледі. Аталмыш ұғымдардың арасында «сакралдылық» бір кеңістікке, мекенге қатысты айтылады.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Мақалаға өзек болған «кие» ұғымын түсіндіруде энциклопедиялық, эпистемология және философия ғылымдарының сөздігі, сонымен қатар Ш.Уәлихановтың тұжырымдамасы басты назарға алынды. Аталмыш ұғымның көркемдік қолданысын танытуда М.Жұмабайұлының поэмалары талданды. Көркем туындылардағы кие ұғымының, киелілік мотивінің мәнін таныту үшін анализ, синтез, мифопоэтикалық талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Сакралды кеңістік – адам санасындағы наным-сенімінің нәтижесінде қалыптасқан түсінік. Белгілі бір мекен, нысан, орындардың тылсым күшіне деген ғасырлар бойы қалыптасып, сақталып келе жатқан архетиптік сенім. Осы сенім адам баласының гуманистік мұраттарының және көркем шығармашылықтың бастау көзіне айналып, жалғасын табуда. Бұл сөзімізге дәйек боларлық мысалдарды фольклор мен әдебиеттен молынан табамыз. Мифтік баяндардағы тұрақты мотивтер фольклор жанрларына, одан көркем әдебиетке ауысып, жаңа сипатта жаңа қызметімен танылғанына әлем сөз өнерінен дәлелдер келтіре аламыз.

Мағжан Жұмабайұлының «Батыр Баян» дастанындағы мына жолдарға назар аударайық:

Бурабай – Арқа аралы, жер еркесі,
Ертеде қоныс болған Абылайға.
Бауырында Бурабайдың қалың ағаш,
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.
...Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,
Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш!
Қабірінен әулиенің алашқа артық,
Ертеде Абылайға орда болған ағаш.
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың
Меккедей тәуеп қылған тамам алаш (Жұмабайұлы, 2023).

Бурабай – адамзат танымындағы ерекше бір әлемге ұқсас мекен. Ақынның суреттеуінде оның сұлулығы, тылсым табиғаты, сулы, нулы қалың орманы жердегі жұмақтың сипатымен пара-пар. Дастандағы Бурабай – жерұйық мекен ғана емес, алаштың тұрағы, Абылай ханның ақ ордасы тігілген киелі жер. Мұсылман қауымына Меккенің киелі орын ретіндегі қадірі қалай артық болса, Алаштың ақ ордасы тігіліп, Абылай билік құрған Бурабайдың да осы деңгейлес. Ақын қазақтың азат, дербес хандық болған кезін «киелі уақыт» ұғымымен шендестіреді.

Ұлттық танымда елді сүю, жерді кие тұту туған жер, ілкі төр сынды сақралды сипаттағы ұғымдарды қалыптастырды. Мағжанның көркем танымындағы тағы бір киелі мекен – Алтай. «Қорқыт» поэмасында:

Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,
Алтайға бетегедей алтын біткен.
Бейіштей алтын Алтай етегінде
Ертеде алаш елі мекен еткен (Жұмабайұлы, 2023).

Бұл суреттеуде ақын Алтайды бейіш, алаштың мекен еткен отаны деп атайды. Ал, Орта Азиядағы буддизм орныққан мемлекеттер Алтайды Шамбала орналасқан жер, бейіштің өзі деп атаса, Үндістандағы пандавалар көктегі Шамбала мен жердегі Шамбала тоғысатын нүкте деп есептейді. Буддалық танымда Шамбала – жердегі жұмақ. Бұл өлкеде ауру-сырқат, өлім болмайды, халқы бақытты өмір сүреді. Дастандағы қаһарман Қорқыт та мәңгі жасайтын, өлмейтін жерді іздейді. Өзінің туған жері Алтайдан бастап, дүниенің төрт бұрышын кезеді:

Кім білед, өлмейтұғын ел бар шығар,
Кім білед, ажалға да ем бар шығар.
От-суы, топырағы қасиетті,
Кім білед, өлтірмейтін жер бар шығар.

Деп ойлап, қайырылмай ешбір затқа,
Ажалдан қашып шығып құтылмаққа,
Айрылып Алтайынан кетті Қорқыт,
Өлімнен аман-есен жер таппаққа (Жұмабайұлы, 2023).

Мифолог С.Қондыбайдың тұжырымдамасының қисынымен бағамдасақ, Алтай – ілкі төр сипатты, Бурабай – төретам сипатына ие. Мағжан Жұмабайұлының екі дастандағы киелі мекендердің сипаты ұқсас. Мұндағы Алтай – ұлттық танымдағы атақоныс. Бірнеше ежелгі мәдениетке ортақ сакралды кеңістік, жалпы адам баласының танымындағы жердегі жұмақ. Ал Бурабай – атамекеннің бір бөлшегі, Абылай ханға ақ орда болған алаштың астанасы. Ал Абылай ханның бойындағы даналықты ақын «Батыр Баян» дастанында былай суреттейді:

Арқаға аяқ салып, түскен барып,
Екі оттың – орыс, қытай арасына.
Күндерде сонау қара, тапсырған ел,
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың,
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.
Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.

Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап (Жұмабайұлы, 2023).

Ұлттық танымымызда «кие» ұғымы жер, су, табиғи құбылыстар, жануарлар, құстарға ғана тән емес, сонымен қатар адам баласының да бойында болатын тылсым сипат. Ел аузында Абылай ханның айрықша жаратылысы, киесі, аруағы болғаны туралы аңыздар жиі айтылып келген. Аңыздың бірінде кіші жүздің бір биі ханның шешіміне қарсы шығып, бетіне қарай қатты сөз айтыпты. Сол жолы хан үндемегенімен, бірнеше күн өткен соң әлгі бидің өзі сырқаттанып қалады. Сонда жұрт: «Ханның киесі ұрды, Абылайдың аруағы оңдырмады» – деп тарқасқан екен. Абылай ханның осындай тылсым қасиеті бар деген халық сенімін Мағжан поэмасындағы мына жолдардан көрсек болады:

Алты алаш Абылайдай арғымағын
Алаштың аруағына пар қылатын.
Бетіне Абылайдай ардагердің
Келуді алты алашқа ар қылатын.
«Бетіне келген жанды соғар кие!» –
Деп жырау, жауырыншылар жар қылатын.
Баянның сөзін естіп кәриялар,
Ішінен ерін аяп: «А шырағым! –
Десті де күрсінісіп, кесіп қойды:
Қайтад, – деп, – осы жолы, Баян, бағың!» (Жұмабайұлы, 2023).

Кәриялардың болжамы тура келіп, қанды шайқаста Баян батыр қайтыс болады.

Адам бойында кие бар екендігіне сену, оған жақын болу, қастерлеу адамзаттың танымында орнығып, діни сенімнің де негізіне айналған. Дамыған діни санада киелілік – жоғары қадір-қасиеттің сотериологиялық құндылығы, өйткені киені қауіпсіздікпен, құтқарылумен байланыстыру оның міндетті шарты мен мақсаты саналады. Поэмадағы Абылай ханның бейнесі де осы түсінікке сай келеді. Мұнда хан тек билеуші ғана емес, қауіпсіздікті, бейбіт-тыныш өмірді сақтаушы. Жеке тұлғасының даналығы мен көрегендігі, әртүрлі жағдайдағы оңтайлы шешімдері арқылы халықтың ықыласына бөленді. Сол көптің тылсым күшіне деген сенімі, ықыласы, тілек-ниетімен ханның да қадірі артты.

Мағжан поэмаларында қасиет қонған дана билеушінің ғана емес, киелі мекеннің де бір моделі көрініс тапқан. Кие ұғымын мекенге қатысын талдағанда оның бірнеше тұрақты атрибуттарын атауға болады. Сол тұрақты атрибуттарының бірі – үңгірдің қызметі көне танымнан басталып, поэтикалық санада түрліше жаңғырып, жалғасып келеді. Мағжан Жұмабайұлының «Оқжетпестің қиясында» поэмасында үңгірдің адам санасындағы сипаты жаңғыртыла суреттелген. Діни аңыздарда үңгір қаһарманның жаратқанға жалбарынып, тілек-арманын жеткізетін жер болса, поэмада ел азаттығын көксеген хан Кененің оңашада ойланып, ой қорытатын мекені ретінде суреттелген:

Бір кезде Кенекемді ойлар билеп,
Бір өзі Бурабайды кезіп кеткен,
Артында Оқжетпестің үңгір тау бар,
Сол тауда бірнеше күн мекен еткен (Жұмабайұлы, 2023).

Осы үңгірде Кенесары ханға шашы ақ бұлттай, сақал әппақ Пір-баба рухы келіп, тіл қатады:

Ізгі қарт «а» – деп аузын қозғағанда,
Төменде судың шуы болды басым.
Қарт сонда күңіреніп: «Аманбысың,
Кенежан, елдің ері жолбарысым! (Жұмабайұлы, 2023).

Дастандағы үңгір тылсым сипаттағы кейіпкер мен қаһарманның кездесу орны. Себебі үңгір рух тұрақтаған мекен. Үңгірде жасаған мінажат, айтылған ниет, қандай да тілек жаратқанға тез әрі тікелей жетеді деген түсінік қалыптасқан. Поэмада Пір баба Кенесары ханға оны ұзақ күтіп, үңгірге өзі шақырып алғанын айтады. Демек Кенесары хан да таудың ішіндегі үңгірге ішкі ойына жауап іздеп барған. Әруақ яғни Пір баба Кенесарыға батасын берген, жол сілтеген. Қоштасқан сәтте:

Мерт болсаң мақсұтыңа жетпей егер,
Сол сағат мен осы жерде тасқа айналам.
Алашта тағы сендей ер тууын
Төбеде тас боп шөгіп күтіп қалам» (Жұмабайұлы, 2023)–

деп, тілектестігін білдіріп, ғайып болады. Сол сәтте таудың үстінен нұр төгіліп, жер беті қасиетті шұғылаға шомылғандай күй кешеді. Кенесары хан да іздеген сауалына жауап тапқандай батырларын жиып, інісі Науанды алып, мақсатына жету үшін сапарға шығады. (With these words, Khan expressed his support and then disappeared. From that moment, the top of the mountain was filled with light, and the earth and sky were bathed in holy light. Kenesary Khan gathered his heroes as if he had found an answer to the question he was looking for and took his younger brother Nauan and went on a journey to achieve his goal) (Yerdembekov, 2024).

Үңгір – адам баласының санасына тылсым, киелі орын ретінде сіңген. Бұл орын адамзаттың алғашқы панасы болғандықтан, ата-бабалардың рухы қалып, мәңгі сол үңгірлерді мекен етеді деген түсінік те бар. Жоғарыда аталған киелі үңгірдің екеуінде әулие бабалар мекен еткен. Екеуінде де киелі су бар. Үңгірлердің өзі әулие бабалармен байланысты, шипа дарытушы, тылсым күшке ие (Миразова, 2024).

Мағжан Жұмабайұлының поэмаларында сакралды кеңістік, жеке тұрғаның бойындағы тылсым күш, аруақ ұғымдарымен қатар белгілі бір бұйымның немесе заттың киесі де қамтылған. Мысалы, «Қойлыбайдың қобызы» дастанында кейіпкердің де, бұйымның да тылсым күшпен байланысы баяндалады. Ақын алдымен Қойлыбайдың бақсылығын былай баяндайды:

Қалың Найман ішінде Бағаналы,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,
Алдында жорғалаған шашты шайтан.
Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбалаңдап,
Қақаман жетіп келеді анадайдан.
Қақаман жалғыз көзді жынның ері,
Ерегіссе тау-тасқа салған ойран (Жұмабайұлы, 2023).

Қойлыбай қобызшы – шамамен ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген әйгілі бақсы. Оның қасиеті туралы Ә. Диваев «Из области киргизских верований. Баксы как лакарь и колдун: этнографический очерк» еңбегінде былай деп жазады: «Қойлыбайды бақсылардың бақсысы деп атаған. Оған қызмет еткен Нәдір– перілердің, Қақаман – жындардың, Шойлан

– шайтандардың басшысы болған. Албастылардың бір басшысы хәл үстінде жатқан жүкті әйелдің босануына араласпауын сұраған. Бірақ бақсы бұл қақтығысты Қақаманды пайдаланып, әйелді құтқарып, албастыны жеңген екен» (Диваев, 1899). Аталмыш еңбекте Қойлыбайға қатысты аңыз-әңгімелермен қатар, қобызды тартуы, сарыны, жынмен алысуы баяндалған. Бақсының ең қиын күресі үш күнге созылған. Ол қобызды тартып, арнайы әуенге негізделген жырды айтқанда даусы Сарыарқаға түгел жеткен. Жырды көзі қанталап, ілгері жылжи отыра орындаған. Ол қобызын тартқанда баршы жын-пері дірілдеп, аспанға қара бұлт үйіріліп, даланы құмды шаң басқан. (Диваев, 1899).

Қойлыбай әулиені Шоқан Уәлиханов: «Бақсылардың бақсысы әрі пірі» деп бағаласа, Әлкей Марғұлан: «Қорқыттың қобызын, оның сарынын ең алғаш рет мирас еткен кісі – Қойлыбай бақсы. Ол Қорқыттың шәкірті болып саналады», – дейді. Ә.Диваев хатқа түсірген «Бақсы» жырындағы аңызда: «Қойлыбайдың төрт батыр ұлы және бес мың жыны болған. Барақ батыр бастаған көпшіліктің өтінішімен бақсы аламан бәйгеге қобызын қосады. Қобылды сексеуілге байлайды. Бәйге басталып, сәйгүліктердің шаңы көзге көрінгенде бақсылық ойынын бастайды. Кенет қатты дауыл тұрып, көп ұзамай-ақ жылқылардың алдында сексеуілді сүйреткен қобыз келе жатқаны көрінеді. Ышқына ысқырған жел мен дүлей дауыл Көкаман жынының күші еді», – деп баяндалған (Әбдіраш, 2023).

Бұл көрініс Мағжан Жұмабаевтың «Қойлыбайдың қобызы» дастанында:

Бір кезде ат келетін мезгіл жетті,
Бозбала ат алдынан шауып кетті.
Сол уақыт жай отырған Қойлыбайды
Аруақ қалшылдатып, дірілдетті.
Аузынан қанды көбік бұрқ-бұрқ етіп,
Жап-жалаңаш қылышты қобыз етті.
Көздері қып-қызыл боп қанға толып,
Сарыны сар даланы күңгірентті (Жұмабайұлы, 2023), –
деп суреттелген.

Поэмада Қойлыбай екпіндетіп, долдандырып бақсы сарынын орындағанда қалың құм қап-қара бұлтқа қосылған, дауыл мен желді құйындатқан. Жан-жақтан у-шу дауыс қаптап, жын-перілер жиналған. Бақсының өзі қылышын қобыз етіп, сарынды орындап, қалжырап шаршағанда ат келетін құба жонды шаң басып:

Сол шаңның ортасында бір сексеуіл,
Ербеңдеп ойнақ салып келе жатты.
Екі басы жерді ұрып кезек-кезек,
Сабалап қырды жол ғып жаралапты.
Байланған сексеуілге қобыз берік

Көз ашқанша жиынға келіп қапты (Жұмабайұлы, 2023), – деп, қобыздың бәйгенің алдында келгені баяндалады.

Бақсы қобызды тылсым қара күштерге қарсы қару ретінде пайдаланған. Қобыздың үні арқылы аруақтардан көмек сұрап, жын-перілермен күрескен, ауру-сырқаттың себебін анықтап, шипасын тапқан. Себебі қобыздың үнінде адамды ерекше күйге түсіретін қасиет болған деп біледі. Қобыздың үнінен аруақтар жақындайды, көмекке келеді, жындар шыдай алмай қашады деген түсінік бар. Қазақ фольклорында Қорқыттың қобызы – күй аспабы болумен бірге оны ажалдан қорғаушы, жамандықтан сақтаушы құрал.

Мағжан поэмасында Қойлыбай өзінің ерекше қасиетімен адамзатқа қас зұлым күш иелерін өзіне бағындырып, қызметіне жұмсайды, айтқанын орындатады. Ақын бақсы бейнесі арқылы адам рухының ғажайып күшін танытуды мақсат еткен. Киелілік мотивін танымдық бастауына үңіле отырып, авторлық позицияны, шығарма идеясын айқындау – Мағжанның поэмаларына тән басты көркемдік тәсіл.

Эпистемология және философия ғылымдары сөздігінде кие ұғымынан туындаған киелі сөзінің анықтамасы мынадай: «Киелі – ол объектінің ерекше мәнін, тұрақты құндылығын айқындайтын және осы негізде оған құрметпен қарауды талап ететін категория. Киелілік ұғымы болмыстың ерекше маңызды сипаттамаларын қамтиды: онтологиялық киелілік – күнделікті өмірден өзгеше және оған байланысты шындықтың жоғары деңгейіне; эпистемологиялық – мәні тылсым ақиқат білімге, феноменологиялық – керемет, таңқаларлық жағдаятқа; аксиологиялық – абсолютті, императивті, жоғары құрметке ие (Касавин, 2009).

Бұл анықтама «киелілік» сипаттың Мағжан поэмаларында жан-жақты қамтылғанына көз жеткізе түседі.

Қорытынды

Кие ұғымының аясы кең. Табиғаттағы тылсым дүниелерден бастап мекеннің сакралдылығымен жалғасып, жеке тұлғаның тылсым қасиетіне, жан-жануарлардың, жекелеген бұйымдардың киесіне дейін қамтылатыны біз талдау барысында көрсеттік. Ежелгі танымнан бастау алған бұл сенім аңыз-әпсаналардың тұрақты бір мотивіне айналып қана қоймай, жазба әдебиетте жаңаша сипатта жалғасын тауып, поэтиканың бір арнасын қалыптастырғанына М.Жұмабайұлының шығармалары нақты дәлел бола алады.

Көркем әдебиеттегі киелілік мотивін Мағжан Жұмабайұлы поэмалары арқылы талдай келе адамзаттық, ұлттық, гуманистік ұлы мұраттарды танытуда бұл ұғымның маңызы зор екенін айта аламыз.

«Батыр Баян» поэмасындағы Бурабай – киелі мекен, өйткені ол Алаштың ақ ордасы тігіліп, Абылайдың хандық құрған жері. Ақын ұлттың ұлттық болмысын, өзінің ақындық мұратын елдің өткеніне назар сала отырып танытуға ұмтылады. Сөйтіп «киелі мекен», «киелі жан» мотивтері арқылы поэтикалық модель туындатады. Қорыта айтсақ, «Қорқыт» поэмасында ұлы күйші әрі бақсы, өнер иесі Қорқыт пен адамзаттың ғажайып мекені Алтай, «Оқжетпестің қиясында» поэмасында киелі жерде, киелі үңгірде жолығысқан киелі тұлғалар Кенесары хан мен Пір-баба, «Қойлыбайдың қобызында» Қойлыбай бақсы мен оның қобызы арқылы «кие» ұғымы Мағжан сынды ұлт ақыны шығармашылығының лейтомтивіне айналды.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын AP22685428 «Киелі мекендердің поэтологиялық моделі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Авторлардың қосқан үлесі. Ж.Ә. Аймұхамбет – мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, бағыт бағдар берді. Зерттеу жұмысының жалпы құрылымын,

әдіснамасын, саралап, негіздеді. **М.Н. Миразова** – зерттеу материалдарына талдау жүргізді, қорытындысы мен мақаланың рәсімделуіне үлес қосты. **Б.А. Рахметова** – мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, деректердің дұрыстығын тексерді.

Әдебиеттер тізімі

Әбдіраш, Ә. (2023, шілде 21). Қойлыбай әулие. Qazaq1913. <https://qazaq1913.com/2023/07/21/ojlybaj-ulie/>

Бабалықұлы, Ж. (ред.). (2017). Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия (Т. 3). Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция».

Диваев, А. (1899). Из области киргизских верований. Баксы как лекарь и колдун (Этнографический очерк). В Известия Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете (Т. XV, вып. 3, с. 344). Казань.

Жұмабайұлы, М. (2023). Шығармаларының академиялық толық жинағы (Үштомдық, Т. 2; К. Матыжанов, Т. Әкімова, Ж. Рақыш, Н. Сәрсек, құраст.). Астана: Түркі Академиясы.

Касавин, И.Т. (ред.). (2009). Энциклопедия эпистемологии и философии науки. Москва: Канон+; РООИ «Реабилитация».

Күдеринова, Қ., Жұбаева, О., Жолшаева, М., және т.б. (құраст.). (2011). Қазақ әдеби тілінің сөздігі (Он бес томдық, Т. 8). Алматы.

Миразова, М. (2024). Сакралды кеңістіктегі үңгірлер. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, (3), 241. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.16>

Уәлиханов, Ш. (1985). Таңдамалы (2-басылым). Алматы: Жазушы.

Yerdembekov, B., Aimukhambet, Zh., Mirazova, M., Aituganova, S., Mukhazhanova, R., Dalelbekkyzy, A., Kassen, A., & Utanova, A. (2024). Models of sacredness in artistic consciousness. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(3), 11–21. <https://doi.org/10.32601/ejal.10302>

Ж.А. Аймухамбет¹, М.Н. Миразова^{2*}, Б.А. Рахметова³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

³Аркалыкский педагогический университет имени Ы. Алтынсарина, Аркалык, Казахстан

Сакральный мотив в поэмах Магжана Жумабайұлы

Аннотация. В статье анализируется проявление понятий «кие», «тылсым» и «сакральность», которые берут начало в древних представлениях и закрепились в мировоззрении народа, на примере поэтического наследия Магжана Жумабайұлы. Сначала рассматриваются определения и концептуальные основы категории «кие», её познавательная сущность и художественная значимость. В традиционном мировоззрении казахов кие осмысливается как мистическое свойство, присущее не только природным объектам и явлениям (горы, вода, земля, пещеры), но и животным, птицам, а также выдающимся личностям. Сакральные мотивы, зародившиеся в мифологических повествованиях, постепенно вошли в устное народное творчество, а затем и в письменную литературу, обретая эстетико-познавательные функции. В поэмах М.Жумабайұлы «Батыр Баян», «Коркыт», «Кобыз Койлыбая», «На утесе Окжетпес» сакральное раскрывается через исторические места, мифологизированные образы и легендарные личности. Особое внимание уделено фигуре Абылай хана, обладавшего в народных представлениях духовной

силой и мистическим кие, а также образам Коркыт-ата и шамана Койлыбая. Авторы показывают, что сакральные мотивы в поэмах М.Жумабайулы не только усиливают художественное воздействие произведений, но и выполняют функцию сохранения памяти о духовных ценностях и культурных кодах казахского народа. Исследование подчеркивает, что сакральное начало является важным элементом национальной литературы, обеспечивающим преемственность традиций и их отражение в художественной форме.

Ключевые слова: кие, мировоззрение, тылсым, Алтай, Пир-баба.

Zh.A. Aimukhambet¹, M.N. Mirazova^{2*}, B.A. Rakhmetova³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³Y. Altynsarin Arkalyk Pedagogical University, Arkalyk, Kazakhstan

The sacred motif in the poems of Magzhan Zhumabayuly

Abstract. This article explores the manifestation of the concepts kie, tylsym (mystery), and sacredness, which stem from ancient beliefs and remain embedded in collective consciousness, through the poetic works of Magzhan Zhumabayev. The discussion begins with an overview of definitions and interpretations of kie, emphasizing its cognitive foundations and artistic significance. In the Kazakh worldview, kie represents a mystical force attributed not only to natural sites and phenomena – mountains, land, water, caves – but also to animals, birds, and exceptional individuals. Having evolved from mythological narratives into folklore and later into written literature, sacred motifs acquired diverse aesthetic and cognitive functions. These are vividly exemplified in Zhumabayev's poems Batyr Bayan, Korkyt, The Koby of Koilybay, and On the Cliff of Okzhetpes. In Batyr Bayan, the sacred motif is embodied in Abylai Khan, whose spiritual strength was believed to strike down opponents, and in Burabay, his symbolic stronghold. In Korkyt, sacredness emerges through the Altai Mountains and Korkyt-ata; in The Koby of Koilybay – through the shaman Koilybay with his mystical powers; and in On the Cliff of Okzhetpes – through Pir-baba, aligning with the poet's worldview. The article demonstrates how sacred motifs serve both as artistic devices and as cultural codes, preserving the spiritual heritage and historical memory of the Kazakh people.

Keywords: kie, worldview, tylsym, Altai, Pir-Baba.

References

- Abdirash, A. (2023, July 21). Koilybai aulie [Saint Koylybai]. Kazak1913. <https://kazak1913.com/2023/07/21/ojlybaj-ulie/> [in Kazakh]
- Babalykuly, Zh. (ed.) (2017). Kazaktyn etnografialyk kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli jui esi [Traditional Kazakh system of ethnographic categories, concepts and names]. Ensiklopedia (Vol. 3). Almaty: TOO «Alem Damu Integrasia». [in Kazakh]
- Zhumabaiuly, M. (2023). Shygarmalarynyn akademiialyk tolyk jinagy [Complete academic collection of works] (Vol. 2; K. Matyzhanov, T. Akimova, J. Rakysh, & N. Sarsek, Eds.). Astana: Turki Akademiiasy. [in Kazakh]
- Divaev, A. (1899). Iz oblasti kirgizskikh verovanii: Baksy kak lekar i koldun [From the area of Kyrgyz beliefs: Baksy as a healer and a sorcerer]. Izvestia Obshchestva arkhologii, istorii i etnografii pri Imperatorskom Kazanskom universitete, 15(3), 344. [in Russian]

- Kasavin, T. (Ed.). (2009). Ensiklopedia epistemologii i filosofii nauki [Encyclopedia of epistemology and philosophy of science]. Moscow: Kanon+ ROOI Reabilitatsiia. [in Russian]
- Kuderinova, K., Jubaeva, O., & Jolsheva, M. (2011). Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language] (Vol. 8). Almaty. [in Kazakh]
- Mirazova, M. (2024). Sakraldy kenistiktegi ungirler [Caves in the sacred space]. Eurasia gumanitarlyk institutytyrynyn habarshysy, 3. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.16>
- Ualihanov, Sh. (1985). Tandamaly [Selected works] (2nd ed.). Almaty: Jazushy. [in Kazakh]
- Yerdembekov, B., Aimukhambet, Zh., Mirazova, M., Aituganova, S., Mukhazhanova, R., Dalelbekkyzy, A., Kassen, A., & Utanova, A. (2024). Models of sacredness in artistic consciousness. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(3), 11–21. <https://doi.org/10.32601/ejal.10302>

Авторлар туралы мәлімет:

Аймұхамбет Ж.Ә – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: a_zhanat@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>

Миразова М.Н. – хат-хабар үшін автор, PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: m.n.mirazova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0006-2741>

Рахметова Б.А. – филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті, Арқалық, Қазақстан. E-mail: bazar-65@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/https:0000-0001-9409-2716>

Aimukhambet Zh.A. – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: a_zhanat@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>

Mirazova M.N. – corresponding author, PhD, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: m.n.mirazova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0006-2741>

Rakhmetova B.A. – Candidate of Philology, Y. Altynsarin Arkalyk Pedagogical University, Arkalyk, Kazakhstan. E-mail: bazar-65@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9409-2716>

Аймұхамбет Ж.А. – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан. E-mail: a_zhanat@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>

Миразова М.Н. – автор для корреспонденции, PhD, старший преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан. E-mail: m.n.mirazova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0006-2741>

Рахметова Б.А. – кандидат филологических наук, Аркалыкский педагогический университет имени Ы. Алтынсарина, Аркалык, Казахстан. E-mail: bazar-65@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9409-2716>



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).